

Ж.Е. Зулпыхар
А.А. Азамат
Б.А. Оразбаева*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: astzhan@gmail.com, aitgulazamat@mail.ru, balu.9129@mail.ru)

Жоғарғы оқу орындарында қашықтан оқыту технологияларын қолданып оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері

Аңдатпа. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында (ЖОО) қашықтан оқыту технологияларын қолданып оқу үдерісін ұйымдастыру жылдам дамып жатқаны жалпыға мәлім. Мақалада ЖОО-да оқу үдерісіне қашықтан оқыту технологияларын қолданудың әдіснамалық негіздері талқыланады. Сондай-ақ, қашықтан оқыту технологияларының қолдануға әсер еткен факторлар және оқу үдерісін ұйымдастыруындағы ерекшеліктер қарастырылады. Ақпараттық-технологиялық құралдардың (электрондық пошта, бейнеконференция, чат, форум, вебинар, онлайн-семинар) көмегімен оқу үдерісін оңайлатудың маңызы зор. Соңғы жылдарда қашықтан оқыту технологияларымен оқу үдерісін ЖОО-да ұйымдастыру түсінігі бұрынғыдан әлдеқайда өзгеше сипатқа ие болды. Бұрын қашықтан оқыту дегеніміз тек бейне сабақтар көру, тапсырмалардан орындаудан тұрса, қазір бұл үдеріс ауқымдырақ және оңайлана түскен. Мақалада заман талабына сай ЖОО-да оқу үдерісін қашықтан оқыту технологияларымен ұйымдастырудың әдіснамалары қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі таңда ЖОО-да қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруда қандай әдістердің қарқынды дамып келе жатқаны және олардың қаншалықты тиімді екендігі айқындалады.

Мақалада ЖОО-да оқыту жүйесінде қашықтан оқыту технологиясын қолдану бойынша отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне зерттеу жүргізіліп, жалпы жүйенің тиімділігі мен әдіснамасы зерттелді. Сондай ақ, қазіргі таңда қолданылып жатқан қашықтан оқыту технологияларына талдау жасалынады. Зерттеу жұмысында онлайн технологиялар болашақта кең көлемде қолданысқа және заманауи технологиялардың көмегімен қарқынды дамиды деген болжам жасалынады.

Мақала тақырыбы қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, білім беру бағдарламаларының оқу пәндерін жүзеге асыратын университет оқытушыларына, сондай-ақ жоғарғы білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатындардың барлығына пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: қашықтан оқыту, онлайн технологиялар, жоғарғы оқу орындары, оқу үдерісі, оқыту әдістері.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-14-4-196-203>

Кіріспе

Оқу үдерісінің мазмұны мен оқыту әдістері қоғамның дамуына және талабына сай өзгеріске ұшырап отырады. Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың жандануы университеттердің оқу үдерісін ұйымдастыруына, профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің құзыреттілік әлеуетін ашу тұрғысынан жоғары білім беру жүйесін стратегиялық қайта қаралуына мүмкіндік берді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуы білім беру жүйесінде компьютерлік технологияларды кең ауқымда қолдануға барынша мүмкіндік жасады. АКТ білім беру мазмұнын онлайн оқытудың сапасы мен мүмкіндіктерін жақсартты. Бұл дидактиканың цифрлық трансформациясының әртүрлі аспектілерін ашуға бағытталған бірқатар зерттеулерде атап өтілген. Мысалы, Алмаз Сандыбаев қашықтан оқытудың студенттердің оқуындағы ынталандырудағы мәселелерін қарастырған [1] және бұл тақырып Р.Бригстоктың студенттердің қазіргі кезде қажет және болашақта қажет болатын қабілеттерін дамытуға бағытталған мақаласында да көрініс тапқан [2]. Зерттеулер көрсеткендей, қашықтан оқыту технологияларының ЖОО білім алушыларына тигізген септігі орасан зор. Көп жағдайда белгілі бір маман иесі атану үшін білім алушылар үлкен қалаларда орналасқан университеттерге келіп оқуы керек. Алайда, біздің қоғамымызда жоғарғы оқу орындарында оқу әлеуметтік-қаржылай қиындық тудыратын және белгілі себептерге байланысты дәстүрлі түрде білім ортасына барып оқу қолжетімсіз тұлғалар бар. Осындай жағдайлардың шешімі ретінде қоғам білім берудің жаңа түрін қажет етті, осы ретте қашықтан оқыту ең болашағы зор, толыққанды жүйе ретінде қарастырылды. Жалпы «қашықтан оқыту» термині заманның өзгеруіне байланысты өз анықтамасын және формасын өзгертіп отырады. Өткен ғасырларда бұл сөзді поштаны қолдану арқылы оқыту технологиясы деп көрсеткен болса, қазір бұл терминнің анықтамасында тіптен виртуалды шындық технологияларын қолдану арқылы оқыту деп те көрсетеді

[3]. Кез-келген замандағы технологиялардың өзгерістеріне қарамастан қашықтан оқыту жүйесі білім алушыларға тұрғылықты немесе уақытша тұратын жері бойынша ЖОО-да жоғары кәсіптік білімнің негізгі және қосымша білім бағдарламаларын меңгеру мүмкіндігін беретін жүйе деп те айта аламыз.

Қашықтан білім беру технологиялары оқу үдерісінде бірнеше ондаған жылдар бойы қолданылып келеді [4]. Соңғы жылдары қашықтан оқыту технологиялары, әсіресе жоғарғы оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастыруда елеулі өзгерістер алып келді. Кең қолданысқа ие болуына, әрине, әлемдік пандемия да себепші болды [5]. Жоғарғы оқу орындарында қашықтан оқыту технологияларын енгізу білім беру ұйымдарына білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың білім беру қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде қашықтан оқыту технологияларын енгізудегі негізгі мақсат – тұлғаға бағытталған оқыту моделін енгізу арқылы оқытудың тиімділігін арттыру болып табылады. Қашықтан оқытудың ақпараттық-білім беру ортасы арқылы білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетін ұйымдастыру студенттерде топта жұмыс істеу қабілетін, әлеуметтік жауапкершілікті, қарым-қатынас мәдениетін, ынтымақтастыққа дайын болуды, төзімділікті, өзара сыйластықты, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың танымдық белсенділігін көтеруге, сондай-ақ, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы мүмкіндіктерін көбейтуге көмектеседі.

Алайда ақпараттық-технологиялардың дамуына байланысты қашықтан оқыту жүйесі де күн сайын өзгеріске ұшырауда. Мұның барлығы ЖОО-да қашықтан оқыту технологияларын оқу үдерісін ұйымдастыруда (айта кету керек, қазір бұл жүйені көптеген жоғарғы оқу орындары ұсынады) ұсынылатын әдіснамалардың өзгеруіне де алып келуде.

Зерттеу әдістері

ҚР білім беру саласының нормативті-құқықтық құжаттары; білім беру саласында қашықтан оқыту мәселелеріне қатысты Scopus, WOS базасына кіретін журналдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына, мақалаларға, әдебиеттерге теориялық талдау жасау, нақтылау, жинақтау, салыстыру әдістері.

Негізгі бөлім

2020ж. әлемде пандемияның басталуы білім беру саласына көптеген өзгерістер алып келді. Соның бірі осыған дейін айтарлықтай назар аударылмай келген қашықтан оқыту жүйесін жаппай қолдану. Елімізде қашықтан оқыту жүйесін білім беру саласында жаппай қолдану көптеген мәселелерді ашып берді. Сондай мәселелердің бірі қашықтан оқыту технологияларын қолданып оқу үдерісін ұйымдастырудың теориялық, әдіснамалық негіздерінің қарастырылмауы.

Жоғарғы оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастыру әр түрлі болуы мүмкін. О.Н. Толстобоків қашықтан оқыту қандай да бір тапсырмаларды орындау барысын көрсететін дәрістерден тұратын курстан; тапсырмаларды орындау барысында қалыптасатын дағдылардан тұруы мүмкін деп көрсетеді [6]. Қашықтан оқыту технологияларын қолдануда оқыту жүйесінің оқу үдерісіндегі барлық сипаттамалары өзгеріссіз қалады, олар: мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру түрлері, оқыту құралдары, нәтижелерді бақылау және бағалау жүйесі.

Оқытудың инновациялық әдістерінің бірі ретінде қарастырылатын бұл жүйені қазіргі кезде қолданудың тиімділігі білім алушы мен оқытушы арасында да интерактивті әрекеттестіктің жүзеге асуында. Білім алушы оқытушыдан белгілі бір нақты тақырыптарды, пәнді немесе модульді игеруге қажетті ақпаратты алады. Сонымен қатар, бұл оқыту режимінің дәстүрлі режимге қарағанда артықшылығы білім алушыларға өз қарқынымен және өзі қалаған жерде оқуға мүмкіндік береді [7]. Оқытушылар өз кезегінде белгілі бір тақы-

рыптың немесе пәннің даму деңгейін бағалау үшін тесттік технологияларды пайдалана отырып, пәннің сапасы мен шеберлік деңгейін бағалайды. Сондай ақ, ақпараттық-технологиялық құралдар (электрондық пошта, бейнеконференция, телефон) арқылы да әр түрлі форматта кездесулер өткізе алады.

Қашықтан оқытын білім алушыға қойылатын талаптарға келер болсақ, жеке қасиеттерден табандылықты және адалдықты сақтау талап етіледі. Бұдан бөлек студенттің цифрлық сауаттылығы болуы қажет, себебі ақпараттық-технологияларды қолдана алуы және әрбір студенттің өз жеке аккаунттарымен жұмыс жасауы тәрізді дағдыларды игергені оқу үдерісін тиімдірек етеді. Сондай-ақ, оқу форматына байланысты интернетке қолжетімді қандай да бір құрылғылар (телефон, компьютер және т.б.) талап етіледі.

Қашықтан оқытудың тиімділігі қолданылатын материалдардың (оқу курстарының) сапасына және осы процеске қатысатын оқытушылардың шеберлігіне, біліміне тікелей байланысты. Сондықтан қашықтан оқытудың педагогикалық, мазмұнды ұйымдастырылуы (курсты жобалау кезеңінде, сондай-ақ, оны қолдану үдерісінде де) басымдыққа ие болып табылады. Бұл жерде қашықтан оқытудың заманауи курсына құру ұсынылатын тұжырымдамалық педагогикалық ережелердің маңыздылығы көрінеді. Оларға келесідей қысқаша сипаттама бере аламыз. Оқыту процесінің ортасында білім алушының дербес танымдық қызметі (оқыту емес, оқу) тұрады. Білім алушының әртүрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, өз бетінше білім алуды үйренуі, осы ақпаратпен танымдық іс-әрекеттің әртүрлі әдістерін қолдана отырып жұмыс істей білуі маңызды және өзіне ыңғайлы уақытта оқи алу мүмкіндігі болуы керек. Өз бетінше білім алу пассивті сипаттамаға ие болмауы тиіс, керісінше, білім алушы басынан бастап білімді игеруді шектемейтін танымдық іс-шараларға қатысуы керек. Ол алған білімін қоршаған шындықтың әртүрлі мәселелерін шешу үшін қолдануды қарастыруы тиіс. Желіде білім алушылардың өздік (жеке не-

месе топтық) қызметін ұйымдастыру әр білім алушының ішкі қорларын ашуды ынталандыратын және тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін, оқытудың осы түрінің ерекшелігіне сәйкес келетін жаңа педагогикалық технологияларды қолдануды қамтиды. Бұл қатынаста ынтымақтастықта оқу (желідегі әрбір білім алушының танымдық қызметін белсендіру үшін), жобалар әдісі (алынған білімді шығармашылық біріктіріп қолдану үшін), зерттеу, проблемалық әдістер ең тиімді болып табылады.

Нәтижелер

Оқытушылар мен студенттердің байланыс тәсілдеріне қарай қашықтан оқытудың әдістерін келесідей түрлерге бөлуге болады:

- оқытушылардың минималды қатысуымен, білім алушының білім беру ресурстарымен өзара әрекеттесуі арқылы оқыту әдісі. Бұл әдісті жүзеге асыру үшін оқытушылар әртүрлі білім беру ресурстарын: баспа, аудио және бейне материалдарды, сондай - ақ телекоммуникациялық желілер арқылы жеткізілетін оқу құралдарын (интерактивті деректер қоры, электрондық басылымдар және компьютерлік оқыту жүйелері) құрастырады және таңдап алады.

- даралап оқыту және оқу әдісі, ол ғылыми-техникалық қызметтерді қажет ететін бір білім алушының бір оқытушымен, кеңесшімен немесе ғылыми және техникалық жетекшімен өзара қарым - қатынасымен сипатталады. Бұл әдісті қашықтан оқытуда телефон, дауыстық пошта, электрондық пошта, MS Teams, Skype, Zoom жүйесі секілді технологиялар арқылы жүзеге асыруға болады.

- оқу материалын оқытушының түсіндіруіне негізделген әдіс, мұнда білім алушылар коммуникацияда белсенді рөл атқармайды. Бұл әдісті оқытушы білім алушылар топпен болғанда, олардың дайындықтары, сондай ақ барлықтары үшін соңғы нәтиже бірдей болған кезде қолданады. Дәстүрлі білім беру жүйесіне тән бұл әдіс, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде жаңа дамуға ие болады.

- оқу үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы белсенді өзара әрекеттесумен сипатталатын әдіс. Бұл әдіс білім алушылардың топтық жұмысына бағытталған және қашықтан оқыту үшін үлкен қызығушылық тудырады. Ол оқытудың зерттеу және проблемалық әдістерін кеңінен қолдануды қарастырады. Мұндай оқытудағы оқытушының рөлі білім алушылар үшін тақырып беру, содан кейін ол білім алушылар бірлесіп жұмыс істей алатын қолайлы қарым-қатынас ортасын және психологиялық климатты құрып, қолдауы керек. Оқытушы пікірталас барысын үйлестіруге, басқаруға, сондай-ақ материалдарды дайындауға, жұмыс жоспарын әзірлеуге, талқыланатын мәселелер мен тақырыптарға жауап береді.

- жоба әдісі білім алушыға өзінің оқу-танымдық қызметін жоспарлауда, ұйымдастыруда және бақылауда дербестігін көрсетуге мүмкіндік беретін оқудың кешенді процесін қамтиды, оның нәтижесі қандай да бір өнімді құру немесе нәтиже алу болып табылады. Жоба әдісінің негізінде білім алушылардың танымдық, шығармашылық қызығушылықтарын, өз бетінше өздерінің білімдерін қалыптастыру біліктерін дамыту жатады.

- оқытудың проблемалық әдісі күрделі танымдық мәселелерді қарастыруға негізделген, оларды шешу білім алушылардың айтарлықтай практикалық немесе теориялық қызығушылықтарын тудырады. Проблемалық оқыту процесінде білім алушылардың назары маңызды проблемаларға бөлінеді, олар танымдық белсенділікті ынталандырады, осы проблемаларды шешу бойынша білік және дағдылардың дамуына ықпал етеді. Оқытушының рөлі тек қадағалау және қолдауға дейін азаяды.

- оқытудың зерттеу әдісі қатысушылар үшін нақты қойылған өзекті және маңызды мақсаттардың, ойластырылған және негізделген құрылымның болуымен, зерттеу әдістерінің түрлерін кеңінен қолданумен, нәтижелерді өңдеу және безендірудің ғылыми әдістерін қолданумен сипатталады.

Қашықтықтан оқыту технологияларына тоқталар болсақ, онлайн оқыту синхронды

немесе асинхронды болады, синхронды оқыту нақты уақытта жүзеге асырылуы керек. Мұғалімдер мен студенттер бірдей физикалық тұрғыда бір жерде болмаса да, оқу барысы бір уақытта өтеді. Мұғалімдер мен студенттер арасындағы өзара әрекеттестік әртүрлі уақытта және әртүрлі жерлерде болған кезде олар асинхронды болуы мүмкін [8]. Бұл авторлар синхронды оқыту үшін келесідей технологияларды көрсетеді:

- Бейнеконференциялар: әртүрлі физикалық кеңістіктерде орналасқан адамдар топтары арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беретін екі жақты бір уақытта аудио және бейне байланыс үдерісі;

- Тек дыбыс пен дауыс бар телебілім;
- Меншікті телеарналар;
- Чат қызметтері.

Асинхрондыға келетін болсақ, біз аудио және бейне жүйесі бар сабақтарды немесе сабақтарды жазуға мүмкіндік беретін білім беру электрондық оқу платформаларын, телеоқыту кабинеттерін атап өтуіміз керек. Мұғалімдер сондай-ақ YouTube немесе Vimeo сияқты арналарды және соңында Форумдар немесе Блогтарды пайдалана алады [8].

Университетте оқу үдерісін қамтамасыз ететін қандай да бір технологиялар болады. Соңғы бірнеше жылдарда жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) жоғары білім берудегі жаңа технологиялық оқыту ортасы ретінде көпшіліктің назарын аударды [9]. ЖАОК ашық, бірлескен, таратылған және желілік өмір бойы оқытуды қолдау ретінде анықталады. Яғни, ол жерде барлық адамдарға қолжетімді ақпарат (дәрістер, тапсырмалар) болады. Бұл жерде көбіне оқытушының көмегінсіз білім алушы өз күшімен дайын ақпаратты ала алады. Жаппай ашық онлайн курстар білім беру секторының өсуіне ықпал ететін және орта және жоғары білім беру жүйелерінің көрінісін өзгертетін серпінді инновация ретінде қарастырылады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасының оқу процесінде Coursera платформасындағы (<https://www.coursera.org/>) курстар қолданылуда.

Қорытынды

Қазіргі уақытта ақпаратты уақыт пен кеңістікте тасымалдауға мүмкіндік беретін көптеген технологиялар бар (мысалы, бейнеконференция, веб-сайттар, электрондық пошта). Қашықтан оқытуға деген қызығушылық бұл технологиялардың әртүрлі курстарға қосылуына және қашықтан оқыту бағдарламалары мен жоғарғы оқу орындарында кең көлемде қолданылуына әкелді.

Онлайн-технологияларды құру және пайдалану кезеңінде жинақталған тәжірибе сырттай және қашықтан оқытуда сұранысқа ие болып, олардың деңгейін күндізгі оқыту деңгейіне дейін көтеретіні сөзсіз; сонымен қатар қашықтан жұмыс істеудің алынған дағдылары күндізгі оқу үдерісінде пайдалы болады.

Қашықтан оқытуда онда жүргізілетін пәндердің мазмұнын сәтті құру және қолдану, осы пәннің оқыту мақсаттарын, оқу ақпаратын берудің жаңа технологияларының дидактикалық мүмкіндіктерін, нақты пәндерді оқыту тұрғысынан қашықтан оқыту технологияларына қойылатын талаптарды терең талдаудан, оқыту критерийлерін түзетуден басталуы керек. Қашықтан оқытуда да пәндерді жоспарлау және әзірлеу кезінде оқытушы қызметінің негізгі үш құрылымы, атап айтқанда оқу материалын ұсыну, тәжірибе, кері байланыс өз маңыздылығын сақтайтын ескеру қажет. Жалпы алып қарастырғанда, ЖОО-да онлайн технологияларды қолдану барынша эргономикалық жағынан адамдарға ыңғайлы болып жатқанын байқай аламыз. Мақалада қарастырылған осы және басқа да артықшылықтары мен тиімділігі жоғарағы оқу орындарында оқыту үдерісін ұйымдастыруда артықшылыққа ие бола бермек деп сенімді түрде болжам жасай аламыз.

Мақалада ЖОО-да оқыту жүйесінде қашықтан оқыту технологиясын қолдану бойынша отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне зерттеу жүргізіліп, жалпы жүйенің тиімділігі мен әдіснамасы қарастырылды. Сонымен қатар қазіргі таңда қолданылып жатқан қашықтан оқыту технологияларына

талдау жасалынып, қолданыстағы әдістеріне талдау жасалынды. Осылайша, қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру – бұл болашақтың міндеті және жекелеген білім беру ұйымдарына ғана қатысты емес, жалпы білім беру ұйымдары мен заманауи педагогтар бейімделуі қажет заманауи шындық.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала №AP09259657 «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің білімін бақылау үшін прокторинг автоматтандырылған жүйесін зерттеу және әзірлеу» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде жазылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Sandybayev A. The Impact of E-Learning Technologies on Student's Motivation: Student Centered Interaction in Business Education // International Journal of Research in Tourism and Hospitality. – 2020. – №1. – P. 16-24.
2. Bridgstock R. In Grad. Empl. in cont // Canadian Journal of Educational Administration and Policy. – 2017. – №196. – P. 131-133.
3. Saykili A. Distance education: Definitions, generations, key concepts and future directions // International Journal of Contemporary Educational Research. – 2018. – №5(1). – P. 2-17.
4. Kathleen Erthal, Margaret J. History of distance learning, Harting // Information Technology, Learning, and Performance Journal. – 2005. – Vol. 23. – №1. – P. 35-44.
5. Dudar V.L., Riznyk V.V., Kotsur V.V., Pechenizka S.S. Use of modern technologies and digital tools in the context of distance and mixed learning // Linguistics and Culture Review. – 2021. – № 5. – P. 733-750.
6. Tolstobokov O. Modern methods and technologies of distance learning // World of science. – 2020. – №2. – P. 67-72.
7. Thoms B., Eryilmaz E. How media choice affects learner interactions in distance learning classes // Computers & Education. – 2014. – №75. – P. 112-126.
8. Juárez-Varón D., Mengual A., Vercher M., Peydró M.A. Las TIC en la formación online [ICT in online education] // Cienciasvol. – 2013. – №7(1). – P. 1-14.
9. Yousef A.M., Chatti M.A., Schroeder U., Wosnitzer M. What drives a successful MOOC? An empirical examination of criteria to assure design quality of MOOCs // Proceedings - IEEE 14th International Conference on Advanced Learning Technologies. – ICALT, 2014. – 44-48 p.

Ж.Е. Зулпыхар, А.А. Азамат, Б.А. Оразбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Методологические основы организации учебного процесса с применением дистанционных технологий в высших учебных заведениях

Аннотация. Сегодня общеизвестно, что организация образовательного процесса с использованием дистанционных технологий обучения в высших учебных заведениях (ВУЗах) развивается быстрыми темпами. В статье рассматриваются методологические основы использования технологий дистанционного обучения в образовательном процессе в вузах. Также рассмотрены факторы, влияющие на использование технологий дистанционного обучения и особенности организации учебного процесса. Важно упростить процесс обучения с помощью средств информационных технологий (электронная почта, видеоконференция, чат, форум, вебинар, онлайн-семинар). В последние годы концепция организации учебного процесса в вузах с дистанционными технологиями обучения стала сильно отличаться от прежней. Если раньше дистанционное обучение заключалось только в просмотре видео уроков и выполнении заданий,

то теперь этот процесс стал масштабнее и проще. В статье представлена методика организации учебного процесса в вузах с дистанционными технологиями обучения в соответствии с современными требованиями. Кроме того, определено, какие методы в организации образовательного процесса с использованием дистанционных технологий обучения сегодня стремительно развиваются в вузах и насколько они эффективны.

В статье были проведены исследования работ отечественных и зарубежных авторов по использованию технологий дистанционного обучения в образовательной системе вузов, а также рассмотрены эффективность и методология всей системы. При этом анализируются используемые в настоящее время технологии дистанционного обучения. В статье прогнозируется, что онлайн-технологии будут широко использоваться в будущем и будут стремительно развиваться с помощью современных технологий.

Статья может быть полезна преподавателям вузов, реализующим учебные планы предметов с использованием технологий дистанционного обучения, а также всем, кто интересуется вопросами высшего образования.

Ключевые слова: дистанционное обучение, онлайн-технологии, высшие учебные заведения, учебный процесс, методы обучения.

Zh.E. Zulpykhar, A.A. Azamat, B.A. Orazbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Methodological basics of organizing the educational process with the use of distance educational technologies at the university

Abstract. Today it is well known that the organization of the educational process using distance learning technologies in higher educational institutions (HEIs) is developing rapidly. The article discusses the methodological foundations for the use of distance learning technologies in the educational process at universities. The factors influencing the use of distance learning technologies and the peculiarities of the organization of the educational process are also considered. It is important to simplify the learning process with the help of information technology tools (e-mail, video conference, chat, forum, webinar, online seminar). In recent years, the concept of organizing the educational process in universities with distance learning technologies has become very different from the previous one. If earlier distance learning consisted only of watching video lessons and completing assignments, now this process has become larger and simpler. The article presents a methodology for organizing the educational process in universities with distance learning technologies in accordance with modern requirements. In addition, it was determined which methods of organizing the educational process using distance learning technologies are rapidly developing in universities today and how effective they are.

The article studies the work of domestic and foreign authors on the use of distance learning technologies in the educational system of universities, and also considers the effectiveness and methodology of the entire system. At the same time, the currently used distance learning technologies are analyzed. The article predicts that online technologies will be widely used in the future and will be rapidly developed with the help of modern technologies.

The article can be useful for university teachers who implement the curricula of subjects using distance learning technologies, as well as for everyone who is interested in higher education issues.

Keywords: distance learning, online technologies, higher educational institutions, learning process, teaching methods.

Авторлар туралы мәлімет:

Зұлпыхар Ж.Е. – п.ғ.к, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Азамат А.А. – «Информатика» кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Оразбаева Б.А. – **корреспонденция үшін автор**, «Информатика» кафедрасының инженері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Zulpykhar Zh.E. – Candidate of Pedagogical Sciences, Head of the Department of Computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Azamat A.A. – doctoral student, Department of Computer Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Orazbayeva B.A. – **Corresponding author**, Engineer of the Department «Computer science», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.